

Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Ричард Чейнидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 118-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 5 - 6 мамырда Астана қаласында Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Ричард Чейнидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Америка Құрама Штаттары ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Америка Құрама Штаттарының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Ричард Чейнидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Америка Құрама Штаттары делегациясына арнап концерттік бағдарлама өткізуді ұйымдастырсын.

6. Астана қаласының әкімі Америка Құрама Штаттарының ресми делегациясы болатын жерлерде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін, мәдени бағдарлама ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Ричард Чейниді қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

4

м а м ы р д а ғ ы

№

1 1 8 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Америка Құрама Штаттары ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Америка Құрама Штаттары ресми делегациясының мүшелерін 1+11 форматы бойынша Астана қаласындағы "Риксос Президент-отель" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент-отель" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Америка Құрама Штаттары ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар дайындау.

5. Америка Құрама Штаттарының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Ричард Чейнидің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.